

## Қазақстан Республикасының Президенті жанындағы Шаруашылық басқармасы туралы

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Президентінің Өкімі 1994 жылғы 10 қазан N 1884. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Президентінің 1995.11.06. N 2600 Жарлығымен.

Мемлекеттік өкіметтің жоғары органдарының қызметін қаржылық, материалдық-техникалық және әлеуметтік-тұрмыстық қамтуды жетілдіру мақсатында:

1. Қазақстан Республикасының Президенті мен Министрлер Кабинеті Аппаратының Шаруашылық басқармасы Қазақстан Республикасының Президенті жанындағы Шаруашылық басқармасы болып қайта құрылсын.

2. Қазақстан Республикасының Президенті жанындағы Шаруашылық басқармасы Президентке, Вице-Президентке, Премьер-министр мен оның орынбасарларына, Жоғарғы Кеңестің төрағасы мен оның орынбасарларына, Мемлекеттік кеңесшілерге, Қазақстан, Қырғызстан мен Өзбекстан Мемлекетаралық кеңесі атқару комитетінің төрағасына, Үкімет мүшелеріне, Президент Аппаратының, Министрлер Кабинеті Іс Басқармасының қызметкерлеріне, Конституциялық Соттың, Жоғарғы Соттың, Жоғары төрелік Соттың төрағаларына, Бас Прокурорға, Ұлттық банктің, Экспорт-импорт банкінің төрағаларына, Орталық Азия ынтымақтастық және даму банкінің президентіне, облыстардың және Алматы қаласының әкімдеріне, республикалық ұйымдардың мәртебесі жөнінен Үкімет мүшелеріне теңестірілген басшыларына қызмет көрсетуді жүзеге асырады деп белгіленсін.

3. Қазақстан Республикасының Президенті жанындағы Шаруашылық басқармасы бір ай мерзімде Қазақстан Республикасының Президенті жанындағы Шаруашылық басқармасы туралы Ереже әзірлеп, бекітуге ұсынсын.

4. Владимир Васильевич Ни Президент Аппараты Басшысының орынбасары - Қазақстан Республикасының Президенті жанындағы Шаруашылық басқармасының бастығы болып тағайындалсын.

Қазақстан Республикасының  
Президенті

